


■ Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 81,4% жаңа 2021-2022 оқу жылында балаларының дәстүрлі форматта (офлайн) оқығанын қалайды. Бұл балаларының онлайн форматта толығымен оқығанын таңдайтындардан 10 есе көп. Сұралғандардың тек 7,6% ғана онлайн оқытуды таңдайды.

Сауалнамаға қатысқан ата – аналардың 10,3% оқытудың аралас форматының бір нұсқасын таңдаушы еді (сабақтың бір бөлігі офлайн, қалғаны онлайн немесе кейбір балалар дәстүрлі форматта, ал қалғаны - үйде).

Шағын жинақталған мектептерде білім алушылардың ата-аналары дәстүрлі оқыту нысанына көшуді барынша аз дәрежеде қалайды (орташа көрсеткіштен 12,5% төмен).

### «ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА АЗ ҚАЛДЫ. ЕГЕР СІЗДЕ ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ БОЛСА, ОҚУДЫҢ ҚАНДАЙ ФОРМАТЫН ҚАЛАП ЕДІҢІЗ?»



	ҚР	МЕКТЕП ТҮРІ				
		Шағын жинақталған	Мем. орта мектебі	Мем.лицейі, гимназия	Мамандандырылған мектеп	Жекеменшік мектеп
Толық дәстүрлі	81,4	68,9	83,8	76,0	69,0	75,0
Базалық сабақтар (математика, тілдер, тарих және әдебиет) дәстүрлі форматта, қалғаны – онлайн	6,5	15,6	5,8	7,4	10,3	0,0
Ата-анасының қалауы бойынша балалардың бір бөлігі дәстүрлі форматта, екінші бөлігі – онлайн форматта оқиды	3,8	6,7	3,0	5,1	10,3	12,5
Толық онлайн	7,6	8,9	6,7	10,6	10,3	12,5

**Зерттеу әдістемесі:**

Сауалнама әдісі – Телефон арқылы сауалнама


Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі типтік мектеп жасындағы балалардың ата-аналары/қамқоршылары 1200 респондент.

Өткізілу мерзімі – 2021 ж. 16-22 тамыз.

■ **Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көпшілігі дәстүрлі форматта оқу кезінде негізгі санитарлық шараларды сақтауға дайын.** Оқушылардың ата-аналары дәстүрлі форматқа көшу кезінде атқаруға дайын негізгі шаралар:

- Дезинфекциялау құралдарын қолдану - 94,8 %
- Өзін нашар сезінгенде, суық тию белгілері пайда болғанда мектепке кіргізбеу - 93,4 %
- Ата-аналардың мектепке «Ашық» қосымшасы арқылы кіруі - 78,2 %
- Ғимарат ішінде үнемі қорғаныс маскасын кию - 76,3 %
- Айналадағы адамдардан қашықтықты сақтау - 75,5 %

### «ДӘСТҮРЛІ ФОРМАТТА БІЛІМ АЛҒАН ЖАҒДАЙДА СІЗ ЖӘНЕ БАЛАРЫҢЫЗ ҚАНДАЙ ШАРАЛАРДЫ САҚТАУҒА ДАЙЫНСЫЗДАР?»



Ата – аналар көбінесе **балалардың мектепте медициналық қолғап кию** талабымен және олардың **далада болуын шектеу** мүмкіндігімен **келіспейді** - бұл шараларды орындауға дайын емес адамдардың саны барлық респонденттердің жартысынан асады.

■ **Оқушылардың дәстүрлі оқыту форматына оралуы туралы шешіммен келіспейтіндердің (8,9%) басым бөлігі санитарлық нормалар сақталмауы мүмкін деп қауіптенеді.**

*Зерттеу әдістемесі:*

Сауалнама әдісі – Телефон арқылы сауалнама

Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі типтік мектеп жасындағы балалардың ата-аналары/қамқоршылары 1200 респондент.

Өткізілу мерзімі – 2021 ж. 16-22 тамыз.

Ата-аналар мектеп оқушыларын оқытудың дәстүрлі форматына қатысты тәуекелдердің негізі ретінде **ауа-райына байланысты** (мысалы, аяз салдарынан) **сабақтарды жиі тоқтату** фактісін (62,2%), сондай-ақ **педагогтардың/мектеп қызметкерлерінің және басқа оқушылар ата-аналарының екпе алуының толық қамтылмауы** қаупін (60,8% - дан) қарастырады.

### «СІЗ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ФОРМАТТА ӨТКІЗІЛЕТІНІМЕН НЕЛІКТЕН КЕЛІСПЕЙСІЗ?», «ИӘ» ЖАУАБЫ



**Ескерту:** бұл сұраққа дәстүрлі оқыту форматына көшумен келіспейтін респонденттер ғана жауап береді - 74 респондент (8,9%).

- **Қашықтықтан оқытуға оралған жағдайда ата-аналардың 81,3% шамадан тыс оқу жүктемесімен байланысты қиындықтардың туындауын, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық мәселелер** - балалар арасында толыққанды қарым-қатынастың (73,8%) және мектеп тарапынан тәрбие жұмысының (68,9%) болмауына алаңдайды.
- **Балаларды вакцинациялау мәселесі қоғамда талқылануда - көпшілігі (77,8%) балаларын коронавирусқа қарсы вакцинациялауға дайын емес. Оның 27,9% - балалар мен ересектерді вакцинациялауға үзілді-**

*Зерттеу әдістемесі:*

Сауалнама әдісі – Телефон арқылы сауалнама

Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі типтік мектеп жасындағы балалардың ата-аналары/қамқоршылары 1200 респондент.

Өткізілу мерзімі – 2021 ж. 16-22 тамыз.

кесілді қарсы. Сонымен бірге, респонденттердің 49,9% дәл осы балалар вакцинациялауға қарсы болса, ересектерді вакцинациялауды міндетті деп санайды.


■ **Ата-аналардың балаларын вакцинациялаудан бас тартуының негізгі себептері - елдегі вакциналарға деген сенімнің болмауы (42,9%) және балаларға сәтті сынақтан өткен вакцинаның болмауы (38,2%).**

■ **Дегенмен, респонденттердің 19,6% өз баласын вакцинациялауға келіседі**, олардың бір бөлігі вакцинаның түрін таңдауды ұсынған жағдайда осы шешімді қабылдауға дайын. Бұл ата-аналар вакцинацияны Covid-19 баланың денсаулығына тигізетін әсерінен балалардың денсаулығын сақтаудың сөзсіз шарасы деп санайды.

■ **Балаларын вакцинациялауға дайын адамдардың ішінде ең үлкен сенімге ие вакцина Спутник V (Ресей) – 57,6%, 28% QazVac (Қазақстан) вакциналарын таңдаушы еді.**

**Респонденттердің 16,1% балаларын Pfizer/BioNTech (Германия, Қытай, АҚШ) екпесімен вакцинациялауға дайын**, қалаларда бұл көрсеткіш 23%-ға жетеді.

### «СІЗ БАЛАЛАРЫҢЫЗҒА НАҚТЫ ҚАЙ ВАКЦИНАНЫ САЛДЫРУҒА ДАЙЫНСЫЗ?»



**Ескерту:** бұл сұраққа тек балаларды вакцинациялауға қарсы емес респонденттер ғана жауап береді – 236 респондент (19,6%).